

1 БӨЛІМ.
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
РАЗДЕЛ 1.
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
PART 1.
CURRENT ISSUES OF LINGUISTIC RESEARCH

ӘОЖ 811.512.122

ГТАХР 16.21.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.001>

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ «ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ»
МӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ ТАРИХИ ҚАБАТТАРЫ**

*Ажибекова М. Е.¹, Сагидолда Г.², Ченгел Хулия Касапоглу³

*^{1,2}Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

³Қажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия

Аңдатпа. Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтері» түркі халықтарының рухани мұраларының аса құнды үлгілерінің бірі болып табылады және мәдени лексиканы зерттеуде маңызды дереккөз ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – тілдік үдерістер нәтижесінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуының сөздік құрамға әсерін айқындау, сондай-ақ мәдени лексиканы байытудың негізгі көздерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу. Бұл тұрғыда Самарқанд (Залеман) транскрипцияланған қолжазба нұсқасы негізге алынып, тілдік қабаттардың ерекшеліктері мен олардың мәдени лексикаға ықпалы қарастырылады.

Мақаланың өзектілігі – тілдің сөздік құрамына енетін бірліктердің тарихи кезеңдерде семантикалық өзгерістерге ұшырап, актив пен пассив қолданыс арасында ауысып отыруы, сондай-ақ араб, парсы және түркілік қабаттардың өзара ықпалдастығы арқылы мәдени лексиканың байытылуы. Бұл үдерістерді нақты тілдік деректермен дәйектеу қазіргі тіл білімінде маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеу барысында сипаттау, тарихи-салыстырмалы, лингвистикалық және филологиялық-деректанулық әдістер қолданылады. Ясауи қолданысындағы араб, парсы сөздері сараланып, олардың дыбыстық, сөзжасамдық және семантикалық ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, «кірме сөздер», «варваризмдер», «аэлогизм», «неолексизм» сияқты терминдерге назар аударылып, олардың мәдени лексикадағы орны айқындалады.

Мақаланың құндылығы мына тұжырымдармен байланысты: біріншіден, Ясауи шығармаларының тілін дұрыс тану үшін қолжазбалар

мен басылымдарды жеке-жеке қарастырудың қажеттігі; екіншіден, сөздік құрамның дамуына ықпал ететін тілдік бірліктерді саралап, олардың қызметін нақтылау; үшіншіден, араб-парсы кірме қабатының төл түркілік негізбен диалогта дамып, тарихи семантикалық өзгерістер арқылы жаңа мағынаға ие болуы.

Зерттеу нәтижелері Ясауи шығармаларындағы мәдени лексиканың тілдік қабаттардағы үлесін айқындап, теориялық тұрғыдан тереңдетіп қана қоймай, практикалық маңызын да арттырады.

Тірек сөздер: Ясауи, Диуани хикмет, Самарқанд (Залеман қолжазбасы), мәдени лексика, түркілік қабат, тілдік қабат, араб және парсы тілдік қабаты, сөздік қор, сөздің құрамы, тілдік жад

Кіріспе

Өркениетті қоғамға ұмтылған кезеңде әр халық өз танымының тарихи қабаттарына ден қоя отырып тарих қойнауларының сырын ашуды, мәні мен мазмұнын, текстологиясын зерттеп, руханиятына тамшыдай үлестерін қосуда. Осы игі іске үлес қосу мақсатында орта ғасырдың көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметін»/«Хикметтерін» зерттеушілердің ғылыми ортадағы орны біртіндеп қалыптасып, дамып келеді. Десек те, Ясауи мұрасының тілін, поэтикасын талдап, арнайы жазылған монографиялық зерттеулер қазақ ғылымында жоқтың қасы, осы кемшіліктің орнын толтыруға арналған Р.Сыздықованың 2014 жылы жарияланған «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» көп томдық шығармалар жинағын атап көрсетуге болады. Біздің мақаламызда осы көп томдық шығармалар жинағының 7-томында Ясауи «Хикметтері» тілінің лексикасына арналған бөліміндегі пікірлерді негізге ала отырып, басқа ясауитанушылардың мәліметтері салыстырылады.

Тіл ешқашан ештеңені ұмытпайтынын еске ала отырып, қазіргі уақытта ұмыт бола бастаған сөздердің жаңаша мазмұнмен сөз мағынасын кеңейтуге әсер ететін фактор ретінде біршама тілдік деректер мен дәйектер келтіруге болады. Сөздік құрамды байытатын факторлардың бірі ретінде кірме сөздердің қызметін Ясауидің «Хикметтерінен» алынған үзінділермен және тілдік деректермен дәлелдейді. Белсенді қолданыстағы атаулардың шығу тегіне зер салсақ, олардың ұлт жадына енуі кірме сөздердің белгілі тарихи оқиғалармен ұштасып, ғылыми тілдік тұрғыдан түсіндірілетінін байқаймыз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысында тарихи-салыстырмалы, когнитивті-семантикалық, лингвистикалық, этимологиялық және мәдени талдау әдістері, әдеби-тілдік талдау әдістері қолданылды. Тілдік қабаттарға байланысты статистикалық зерттеу материалдары басшылыққа алынады. Жұмыстың негізгі мақсаты – «Хикметтердегі» қолданған мәдени лексика арқылы тарихи қабаттардың орта ғасырларда тілдік қорға қосқан үлесін көрсету. Мәдени

лексика құрамындағы араб, парсы және түркі тектес кірме сөздердің тарихи-лингвистикалық тұрғыдан тілдік қорға қосқан үлесін анықтау. Дереккөз ретінде ғалым Р.Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің тілі» мен Самарқанд қолжазбаның (Залеман) нұсқасы негізге алынған.

Нәтижелер

Ясауи «Хикметтері» бізге жеткен қолжазбалар бойынша басым көпшілігі XIX ғасырдың жазбалары екені белгілі. Ясауи «Хикметтерінің» тілін талдап, тілдік тұрғыда бағамдау үшін қолжазбалары мен басылымдарды, литографиялық нұсқаларын жеке-жеке қарастыру қажет екенін және басты ашып анықтайтын мәселе «Хикметтердің» авторы кімге тиесілі екенін анықтауды көздейді ғалым А.К. Боровков. К.Г.Залеман, М.П.Мелиоранский, Ф.Көпрүлү атап өткеніндей, Ясауи мұрасының қолжазбалардағы хикметтердің барлығы Ясауидікі емес, басқа авторлардікі (шәкірттерінікі) де бар екенін алға тартады [1]. Міне осыны ажыратып алсақ, Ясауи мұрасы деп танылған хикметтердің лексика-фразеологиялық, грамматикалық және көркемдік сипатын зерттеп-тану мақсаты тұрмақ [2, 35 б.]. Жазылған қолжазбалардың уақыт өткен сайын әр көшіруші қолтаңбасы әр кезеңнің мәдени-рухани ахуалына қарай немесе әртүрлі жағдаяттардың, тапсырмалардың негізінде кейбір шумақтардың қысқартылуы кейде қолжазба беттерінің рет санын көрсету мақсатында қолданылған амалды ескерген жөн, т.б. жағдайларды есептегенде қолжазбаның түрліше болуы – заңдылық. Бұл жұмыстың мақсаты арқылы қолжазбаларды кім қалдырды, қандай уақытта, қандай мақсатпен жазба қалдырған, қай өңірдің көшірушісі екеніне, жазу стиліне көңіл бөлу, салыстырудың негізінде қолжазбаны таңдап әрі қарай зерттеу оң нәтиже бермек. Р. Сыздықтың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» деп аталатын іргелі зерттеуі қазақ тілінің орта ғасырлық кезеңіне қатысты ғылыми зерттеулердің фактологиялық материалдар ресурсын толықтырған, ясауитанудың басым бағыттарын айқындаған теориялық құндылығы мен практикалық маңызы орасан зор, әлемдік ясауитануға қосқан сүбелі үлес деп білеміз [3, 68 б.]. Зерттеушілердің бағамдауына сүйеніп, Р. Сыздықованың еңбегін негізге алдық. Осы талаптарды назарда ұстаған ғалым осы еңбекті жазарда осы тілдерді жақсы білетін маман ретінде емес, әртүрлі зерттеулерді, сөздіктердегі мәліметтерді пайдалану негізінде жүргізген ізденістердің нәтижесі екенін ескертеді. Ғалым Р. Сыздықова өз еңбегінде бірқатар тұжырымдар жасап, зерттеу нысанына қатысты нақты міндеттер ұсынады. Ясауидің «Хикметтеріндегі» лексикалық қорды зерттеудің басты бағыттарына келесілер кіреді: біріншіден, сөздердің шығу тегіне қарай оларды түркі, араб және парсы тілдік негіздерге жіктеу; екіншіден, ортағасырлық кезеңге тән көнерген сөздерді анықтау және сол архаикалық қабат ішінен түркі тілдерінің ең көне элементтерін табу; үшіншіден, сөздердің қолданылу жиілігін талдау; төртіншіден, ең күрделі әрі маңыздысы – лексикалық бірліктердің ескерткіш мәтінінде қолданылған

мағыналық реңктерін айқындау; бесіншіден, олардың стильдік қызметін сипаттау [2, 68 б.]. Мақала авторлары сөздердің шығу тегіне қарай оларды түркі, араб және парсы тілдік негіздерге жіктеу мәселесін қарастырып, Ясауи «Хикметтерінің» лексикалық-генетикалық қабаты түркі, парсы және араб элементтерінің ықпалымен пайда болған тілдік материалдар арқылы көрсетеді.

Ал, Қарахан дәуірі ескерткіштерінің сөздігін құрастырған түрік ғалымы Эмек Үшенмез «Диуани хикметте» жалпы 2208 сөз барын, оның 957-сі түркизм, 763-і арабизм, 588-і парсизм деп көрсетеді. Бұл келтірілген деректерге сүйеніп, Э.Үшенмез туркизмдердің саны едеуір көп екені байқалатынын айтады. Ал діни терминдердің ену кезеңі исламға дейін орын ала бастағаны туралы деректер мен материалдар жеткілікті екенін алға тартады [4, 258 б.]. Эмек Үшенмездің жоғарыда келтірген пікірімен келісуге толық негіз бар, қазақ тіліндегі араб, парсы тілдерінің ықпалы арқылы енген сөздер ислам діні келгенге дейін қолданыста болды.

Ал Ясауидің стильдік қолданысын салғастырмалы рухани үндестікте Блейк поэзиясымен салыстырған зерттеушілер адам болмысының мәнін, терең рухани құндылықтарын ортақ сәйкестікте жеткізуіне дәйектер келтіреді. Ясауи қолданған кірме сөздер тек діни терминдер ғана емес, сонымен қатар поэтикалық стильді қалыптастырушы элементтер ретінде қарастырылады. Бұл кірме қабаттардың тек лексикалық емес, эстетикалық қызметін де айқындайды [5]. Ясауи поэзиясындағы кірме қабаттар оның шығармаларына тек мағыналық тереңдік емес, сонымен бірге көркемдік үйлесім мен мәдени көпқырлылық сипат береді.

Талқылау

Зерттеуші С.Өтебеков Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтеріндегі» қолданылған сөздердің тілдік қабаттарына арнайы тоқталып, жиырмадан астам тілдік бірліктерге талдау жүргізеді. Ғалым Р. Сыздықова «Диуани хикметтің» Самарқанд нұсқасының (қазіргі Санкт-Петербургте сақтаулы) лексикалық құрамына талдау жасап, төрт хикметтің мәтінінде жалпы 1017 сөз қолданылғанын, олардың 573-і түркі тектес, ал 444-і араб және парсы тілдерінен енгендігін көрсетеді. Осы деректерге сүйене отырып, ғалым Ясауи шығармаларындағы лексиканың шамамен жартысына жуығы – 44,8 пайызы араб-парсылық элементтерден тұратынын атап өтеді [2, 70 б.]. Ясауи шығармаларының тілін дұрыс тану үшін ең алдымен қолжазбалар мен басылымдарды жеке-жеке қарастырудың қажеттігі айқындалып, осы негізде сөздік құрамдықалыптастыратын тілдік бірліктердің қызметі мен араб-парсы кірме қабатының төл түркілік негізбен тарихи семантикалық өзгерістер арқылы жаңа мағынаға ие болуына мән берілу керектігін ғалым Р.Сыздықова өз еңбегінде атап көрсетеді. Р. Сыздықова Самарқанд қолжазбасындағы түркі сөздерінің құрамын талдай отырып, оның түркілік қабатының негізін қыпшақтық және оғыздық элементтер құрайтынын көрсетеді. Жеке сөздердің

орфографиялық тұлғалық варианттары қыпшақ-оғыз тілдік қатарларына тән фонетикалық-графикалық ерекшеліктермен айқындалады. Мысалы: кішіг (кіші), көзү йашлығ (көзі жасты), кейін/соңра, т.б. «Диуани хикметте» түркізмдердің саны біршама көп екені байқалады. Алайда жалпы кірме сөздерді бірге бағаласақ, ескерткіштің сөздік қорының 61% кірме сөз екенін де көру қиын емес [6, 182 б.]. Ясауитанушыларға жақсы таныс төрт нұсқадан бөлек, С.Өтебеков қарастырған «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасының сөздік қоры 1804 сөзден тұрады. Бұл нұсқадан түркілік, араб, парсылық деп үшке бөліп қарастырғанда түркілік қабаттың біршама алда екенін байқатады. Нақтылағанда, ескерткіш тілінде 775 түркізм, 682 арабизм, 347 парсизм бар. Кірме сөздердің жалпы көлемін ескергенде, түркілік қабаттың үлесі 57%-ға дейін жететіні айқындалады [7, 42 б.]. Бұл көрсеткіш Ясауи дәуірінде тілдік қордың мәдени және рухани ықпалдастық арқылы байып, түркілік қабаттың қыпшақ-оғыз негізінде дамығанын дәлелдейді. Демек, «Хикметтер» тек әдеби мұра ғана емес, сонымен бірге орта ғасырлардағы тілдік үдерістерді, кірме лексиканың мәдениетке ықпалын айқындайтын маңызды дереккөз болып табылады.

«Хикметтердің» мәтінін талдау барысында түркілік элементтің елеулі үлеске ие екенін көрсетеді. Тіл - жанды құбылыс, тілімізге енген сөздер актив қолданысқа еніп, кейіннен әртүрлі жағдаяттың салдарынан, идеологиялық саясат, ұлттық сана, ұлттық код, тілдік жадқа байланысты кейбір тілдік бірліктер бастапқы мағынасы тарылуына, не болмаса керісінше әсер етіп сөз мағынасының ауысуына да әкеліп жатады. Мәселен, «халал» сөзі баламасы «адал» бола тұрса да, қазіргі таңда тілдік қолданысымызда «Халал ет», «халал дәмхана», «халал даму», «халал йогурт», «халал дәрі», т.б. тіркестер «халал» сөзінің актив қолданысқа енгенін көрсетуде. «Халал» сөзінің орнына баламасы «адал» сөзінің қолданысы тарылуда. Сондай-ақ, «ифтар» сөзі тілімізде баламасы «ауызашар» бола тұрса да, кейбір дінді уағыздаушы немесе араб тіліне әуесқойлар «ифтар» деп қолданады. Бірақ бұл «халал» деңгейінде орнығып алмаған.

يامغور ولگان قويماды, Йамғур өлгүн қоймады,

Ифтар уақты болды-йә. №71.4-б. افطار وقت بولدى يه

«Хикметтерде» бірден көзге түсетін «Хақ» сөзі, баламасы «Алла», «Жаратқан», «Құдай» сөздерімен салыстырғанда «Хақ» сөзі орта ғасырда Алланың есімі ретінде актив қолданыста болған. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз негізінен діни мәтіндерде, теологиялық еңбектерде және діни уағыздарда кездеседі. Әдеби немесе күнделікті тілде «Хақ» сирек қолданылады, көбіне поэтикалық немесе діни стильде ғана сақталған. «Алла» – қазіргі діни мәтіндерде ең жиі қолданылатын атау. Ол исламдық дәстүрмен тікелей байланысты. «Құдай» – әдеби қазақ тілінде де, ауызекі сөйлеуде де кеңінен қолданылады. Бұл сөз тек діни мәтіндермен шектелмей, жалпы әдебиетте, мақал-мәтелдерде, тұрмыстық қолданыста да бар («Құдай сақтасын», «Құдай біледі»). «Жаратқан» – поэтикалық және діни стильде

кездеседі, бірақ «Алла» мен «Құдайға» қарағанда сирек. Семантикалық тұрғыдан «Алла», «Құдай», «Хақ» сөздері Алланың есімін білдіреді. Бірақ қолданыс аясы әртүрлі: «Алла» – діни мәтіндерде, «Құдай» – әдеби және тұрмыстық тілде жиі қолданылады. Ал «Алла» атауы діни дискурста ең жиі қолданылатын нормаға айналса, «Құдай» сөзі әдеби тілде де, ауызекі сөйлеуде де кең таралған жалпыұлттық қолданысқа ие. «Жаратқан» лексемасы поэтикалық және діни стильде кездескенімен, қолданыс жиілігі жағынан алдыңғы атаулардан төмен. «Хақ» сөзінің екінші семантикалық тармағы – «құқық», «ақы» мағынасы – қазіргі тілде шектеулі түрде ғана сақталып, көбіне «хақым бар/жоқ», «хақысы кету» сияқты тұрақты тіркестер құрамында қолданылады. Бұл қолданыс теологиялық мағынадан бөлек, құқықтық-әлеуметтік мәнге ие.

Кейін Хақ Расулы мәңә бақты/ сәлем қылдым 101a. *گڭ يين حق رسول* едім білімін *مانگا باقتی سلام قیلدی*

Зәрра ғафил болмас болұр/ғафил болмас Хақ. 101a. *نزه غافل بولماس بولور غافل* болмас *بولماس حق*

Қылұр Хақ өләрде иманыдын жүдә қылұр. 17a *قیلور حق اولارده امعانیدين جدا قیلور*

Хаққа йетті құлақ салғын хас уммәт. 17 б. *حققا یاتتی قولاق سالغین خس امت*

Әдеби тілде сөз мағынасының кеңеюіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – өзге тілдерден енген сөздердің орнығуы. Алайда бұл үдеріс тек кірме сөздермен шектелмейді. Сөздік құрамның дамуына ішкі тілдік заңдылықтар (семантикалық өзгерістер, сөзжасамдық тәсілдер), әлеуметтік-мәдени ықпалдар (қоғамдық-саяси өзгерістер, ғылым мен техника дамуы, аударма әдебиет), сондай-ақ тарихи факторлар да әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдеби тілінде сөздік қордың неологизмдермен толығуы М. Балақаев еңбектерінде қарастырылса, басқа ғалымдар сөз мағынасының кеңеюін ішкі және сыртқы факторлардың өзара байланысы арқылы түсіндіреді. Қазақ тіліндегі сөздік қорға енген кірме сөздердің басым көпшілігін араб, парсы және орыс тілдерінен енген сөздер деп көрсетеді [8, 371 б.]. Қ. Алдашева қазақ тіліндегі жаңа сөздердің пайда болуы, олардың ғылыми тұрғыда сипатталуы және жүйеленуі мәселелерін қарастырады. Жаңа сөздер мен кірме сөздердің байланысы, жүйеленуі, қазіргі қазақ тіл біліміндегі сабақтастығы, мәселен «мәдениет», «ғылым», «қоғам» сияқты араб, парсы кірме терминдері әдеби тілде орнығып қалғанын айтады [9]. Тілімізге енген кірме сөздер тек түбір сөздер ғана емес, сөз тұлғалары, қосымшалар да жаңа сөз жасап сөз мағынасының кеңеюіне ықпал еткен. Бұған Ясауи «Хикметтеріндегі» «бей» префиксі мен «дур», аффиксінің, «бірлә» шылауының белсенді қолданылуын айтуға болды. Мәселен,

Ей би хабар ей би хабар шәрмәндә и рузы азәл, №42 *ای بیخبر ای بیخبر* *شرمندہ روزازل*

Һәм күйдүрді кәсәл қылды бимаз болдұм. №61 *هر گويدور دوردی کسل قیلدی بيماد* *بولدوم*

ظراب طريقت يوللارى دور 48 а. *тураб тариқат йоллары дүр қаттығ* аззаб 48 а. قاتتىغ عذاب

يغليب يتتى گوب روايت شرّ 58 а. *йығылыб йетті көп риуайат шари ат дүр*. 58 а. اتدور

صدقينگ بيرله الله ديگيل مقبول بولسون. 54 б. *сидқың бірлә Алла дегіл мақбул болсұн*. 54 б. ار ميش موليم سيني رنج و محنت بيرله. 73 б. *ерміш мәулім сәні рәнж-у михнәт бірлә*. 73 б. طانگ اتقونچا ينگراب چيقسام دردى بيرله, *Таң атқұнча иңрәб чықсам дәрдi бірлә*, بيرله, قول هو الله سبحان الله وردى بيرله, *Құл һуа Алла Субхан Алла уирдi бірлә*, بيرله, قارا يوزوم توقراغ قيلسام كارد بيرله. №3. *Қара йузум тофрағ қылсам кәрдi бірлә*, №3.

Семантикалық кеңею мен морфологиялық бейімделу ғылыми тұрғыдан нақты көрсетіледі. Кірме элементтер қазақ тілінде тек түбір деңгейінде ғана емес, сөз тұлғалары мен қосымшалар арқылы да жаңа сөздер жасап, сөз мағынасының кеңеюіне ықпал етеді. «Бей» префиксі «h» дыбысының араб тілінің ықпалы екені айқын, осыдан кейінгі ақындардың тілінде бұл нұсқаның қолданылуы үрдіске айналды. Абай, Ахмет ақындардың тіліндегі «һәм», «һәр» қолданысын сөзімізге дәйек бола алады. «Дүр» қосымшасы қазіргі қазақ тіліне тән емес қосымшалардың қатарына жатады. «Көне түрік тілінде сөйлем немесе сөзге «дүр» қосымшасы қосылып, оған, нақтылық, сенімдік, кәмілдік, мағына үстелгені белгілі. Бұл форма XX ғасырдың басына дейін қолданылып келді, әсіресе шағатай немесе ескі жазба тілімен жазылған шығармаларда едәуір көп кездесті» [10, 165 б.]. Ш.Құрманбайұлы мен М.Әділовтің нұсқауы бойынша, өткен ғасырдың басына дейін қолданыста болғанын атап өтеді. «Бей» префиксінің «би» нұсқасында қолданылғанын көреміз және бұл қазіргі қолданыста да «бишара», «бимарал», т.б. жалғасып келеді. Ясауи тілінде «би» сөзі сөзден бөлек жазылған, қазіргі қолданыста бұл қосымшаның мағынасы көмескіленіп, қосымша мән үстейді. «Бірлә» қосымшасы Ясауи хикметтерінде жиі қолданылған, ол сөзден бөлек жазылған. Бұл «бірлә» тұлғасының «бірлән» нұсқасы қазақ әдеби тілімізде Абайдың қолданысына дейін жалғасып келді. Бірлә – бірлән – білән – мілән – мелен – менен – мен осы тұлғаға өзгерген, «бірлә» тұлғасы «мен» тұлғасының көне формасы саналады.

Б.Әбілқасымов «дүр»-дің XIX ғасырдың аяғына дейін ресми хаттарда, баспасөз беттерінде жиі қолданылғанын айтады [10, 167 б.]. Ал Р.Сыздықова қосымшаның ертерек уақыттарда қолданылғанын ескеріп, қазіргі тілімізде қолданыстан шыққанын тілге тиек етеді. Кейбір мысалда «ды/дi» түріне дейін қысқарғанын ескертеді. Севортян «-дүр» қосымшасының қазіргі түрік тілдерінен оғыз тілдерінде (түрік, түрікмен, әзербайжан, гагауз) кең қолданылатынын көрсетеді [11, 168 б.]. Қарап отырсақ, тілдік қабаттар арқылы араб және парсы тілдерінен тек лексикалық бірліктер ғана емес, олардың кейбір префикстері мен аффикстері де енген.

Әлемдік ғылымда араб, парсы тілдерінен енген сөздердің барлығын кейде «неологизм» деп топшылайтындар да бар. Мәселе етіп қозғағалы отырған норма және нормалану дәрежесі, сөздік құрамға қосылу мүмкіндігі әртүрлі сипатта болатындығын аңғарған ғалым Р.Сыздықова

оларға «тілдегі жаңалықтар» немесе «тілдік жаңалық» деген нақты атау береді. Ғалымның пікірінше, тілдегі жаңа қолданыстарды алдымен «неологизм», «аэлогизм» және «неолексизм» қатарларына жіктеп алғаннан кейін талдау қажет. Аэлогизм қатарын құрайтындары – байырғы сөздердің жаңа мағынаны иеленуі (көзқаман), ал неолексизм – сирек қолданыстағы, қазіргі нормативті сөздіктерге енгізілмеген, «қайта тірілген» сөздердің жаңа мағынаға ие болуы [11].

Р.Сыздықова араб, парсы кірме сөздерін «неологизм» деп жалпылап атаудың ғылыми тұрғыдан дәл емес екенін көрсетеді. Сөз мағынасының жаңа мағынаға ие болуы мәселесі семантикалық жаңару мен сөздік құрамға қосылу мүмкіндігін айқындап отыр. Ж.Жақыпов төл сөздерді ығыстыру, сөз мағынасының кеңеюі мен тараюына әкелетін бұл қатардың қолданылуы уақытша болуы мүмкін деген пікірді айтады. Ол жаңа қолданыстардың (неологизм, аэлогизм, неолексизм) төл сөздерді ығыстыруы мүмкін екенін ескертеді [12]. Жаңа сөзді ығыстыруға «варваризмдер» әсер ететінін айтады. Варваризм грек тілінен аударғанда «barbarismos» жат елдік дегенді білдіреді. Ол – белгілі бір тілге басқа, бөтен тілдерден енген, толық қалыптаса қоймаған сөздер немесе сөз тіркестері және белгілі бір елдің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-жайын, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсету үшін қолданылатын кірме сөздер [13, 5 б.]. Варваризмдер, әдетте, тіл шұбарлаумен байланысты болады да, сөз мәдениеті үшін теріс құбылыс болып есептеледі. Варваризмдер де, дақ сөздер де бірреттік, уақытша пайдаланылатын сөздер, сонымен қатар өзге тілдегі сөздерді қолданар кезінде, әсіресе өлең жолдарында өзіндік қолданыс, даралану, экзотикалық мәнде де кездеседі. Оны мәтін адресатына қабылдату мақсатында «дақ сөздерді» қолдану үнемдігі орын алатынын айтады. Осындай баламалар Ясауи «Хикметтерінің» мәтінінен кездесетін мәдени лексиканың қатары өте көп, әрбіреуі – жеке-жеке тілдік таным тұрғысынан талдауды қажет ететін тілдік бірліктер.

Діни дастандардағы жаттілдік дақ сөздердің көбі араб, парсы тілдерінен алынған. Сондай-ақ дақ сөздердің экзотикалық мәнде қолданылғаны да бар. Тіліміздегі, әсіресе жырларда қолданылған «бөтен» тілдің сөздері көзге оқшау көрінеді және уақытша сөз екені айқын. Сондықтан оларды жаттілдік дақ сөздер деп қарау жөн [12, 5 б.]. А.Б.Жиекбаева діни дастандардағы жаттілдік сөздердің басым көпшілігі араб, парсы тілдерінен алынғанын және олар зат пен табиғат құбылыстарына байланысты енгенін, ал халқымыздың дүниені тану әлемінде қалыптасқан стереотип деңгейінде орын алмағанын және қолданылуы уақытша деп көрсетеді [14]. Терминологиялық нормаларға сәйкес эмоционалды-экспрессивті реңкі бар «дақ сөздер» атауының орнына бейтарап ғылыми атау қолданған дұрыс.

Қоғам дамуының барысында көптеген сөздердің мағыналары кеңейіп, үстеме мағынаға ие болуы – лексиканы дамытудың өнімді жолдарының бірі. Осы өнімділікке мысал «Хикметтерден» «үшбу» сөзінің мағынасына қызығушылық туды. «Үшбу» сөзінің Алаш зиялыларының арасында құпия

хат жазғанда, «өзіңнен үшбу хат күтем» деген тіркесінен таныс болған осы «үшбу» концепті ретінде қарастырылу керек. «Үшбу» сөзіне Адырна сайтында мынадай түсінік берілген. Үшбу – «осы, осынау» мағынасына ие. Үшбу пәле, үшбу ер, үшбу күн, үшбу сөз, үшбу түні, үшбу заман, үшбу іс, үшбу жай, үшбу жол, үшбу уақыт, үшбу қисса, үшбу пәни, т.б. тіркестер кездеседі [15]. Үшбу хаттар — бұл майдан хаттары. Хатты осылай буу дәстүрі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қалыптасты. Майданның қиын жағдайында қағаздың өзі тапшы болған уақытта конверт пен мөрді іздеп табу тіпті мүмкін болмады, сондықтан почтаның «мобильді» нұсқасы ойлап табылды. Хат жазу үшін қағаз орамасы, тіпті темекі қорабы да пайдаланылды. Хаттың арнайы конвертке салынбай, үш буылуының тағы бір себебі – жауынгерлер жазған әрбір хаттың әскери цензураның тексеруінен өтуінде еді.

«Үш жүздің биінен қалған үшбу хат», «Үшбу қазақтың үш жүз би атанған баяны», «Үшбу хат» айдары, «Жас дарынға үшбу хат», «Марғұлан Боранбайдың түрмеден жолдаған үшбу хаты», «Жауынгер жаршысындай үшбу хаттар», [15] т.б. «үшбу» танымымен байланысты қолданыстар белсенді болып келеді. Қазақ-орыс сөздігінде үшбу лексемасы «книжн. сей, данный», ал үшбу хат тіркесі «сие письмо» деп аударылған. Бұл аудармалар сөздің негізгі мағынасы — «осы, бұл» деген сілтеу мәнін дәл беретінін байқатады. Алайда қазіргі тілдік қолданыста «үшбу» лексемасы тарихи сипаттағы стильдік реңкке ие болып, көбіне дәстүрлі жазба және публицистикалық атаулар құрамында кездеседі. Сонымен қатар, «Үшбу тапсырма» деген оқу үдерісінде де активті қолданысқа ие. Эссе жазу, хат жазу тапсырмаларын беретін кезде осы сөзбен бірге қолдану жиілеп келеді. Бастапқы мағынасы сілтеу есімдігі қызметінде болса, кейіннен саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты алаш зиялыларының кезінде құпия хат қызметінде актив қолданысқа енген. «Үшбу» сөзі орта ғасыр жазба тілінде актив қолданыста болып, кейін пассив қорға ауысқан; семантикалық жаңару (аэлогизм) нәтижесінде «құпия хат, жасырын хат» мағыналарын иеленіп, қазіргі қолданыста контекстуалды түрде қайта жанданды. «Ифтар», «Хақ» сияқты лексемалардың қазіргі қолданысы мақсатқа, стильге және басымдылыққа (діни, публицистикалық, әдеби) байланысты вариативті түрде іске асады.

Бұл тілдік құбылыстардың орын алуына байланысты тек сөз мағынасының кеңеюіне дерек болатын мысалдарды келтірдік. Сөз құрамын байытушы факторлар деп топшылауға болады. Ясауи «Хикметтерінде» белсенді қолданылған араб, парсы тілдерінен енген бірді-екілі бірліктердің қазіргі уақытта қолданыста өзгеру сатысына біршама тоқталдық.

Қорытынды

Кірме сөздердің нақты үлесі жөніндегі көрсеткіштер зерттеушілер арасында бірдей емес, өйткені олар қолданған дереккөздер мен жіктеу

әдістері әртүрлі. Соған қарамастан, араб және парсы тілдік элементтері Ясауи дәуіріндегі терминологиялық өрістің қалыптасуына шешуші ықпал еткені анық. Бұл олардың тек лексикалық емес, мәдени-рухани мәнге де ие екенін дәлелдейді. Рухани, этномәдени және әлеуметтік-мәдени лексика арқылы тілдік қабаттардың өзара ықпалдастығын көрсете отырып, тарихи динамика мен қолданылу аясының өзгерісін (актив-пассив) дәлелдеуге көңіл аудардық. Төл түркі қабаты мәтіннің құрылымдық өзегін құрайды; араб-парсы қабаты діни-терминологиялық және символикалық өрістерді тұрақтандырғанымен, жалпы салмақта төл қабаттан басым емес, семантикалық жаңару механизмдері (аэлогизм, неолексизм) қабатаралық қозғалысты қамтамасыз етеді.

Түркі тілдерінде араб-парсы тілдік кірме қабаты тарихи ықпалдастық нәтижесінде кең таралып, ортақ тілдік қор ретінде орныққан. Ясауи мәтіндері осы құбылыстың нақты көрінісін көрсетіп, кірме элементтердің діни ғана емес, поэтикалық-эстетикалық қызмет атқарғанын дәлелдейді.

Сөздік құрамның толығыуы мен сөздік қордың кеңеюіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – қоғамның тарихи дамуы. Тілдегі әртүрлі қабаттар осы дамудың ізін жаңа ұғым атауларының пайда болуы, яғни жаңа сөздердің жасалуы немесе бұрыннан бар сөздердің мағынасының кеңеюі арқылы көрсетеді. Олар әр кезде тілге енеді, қажетінше лексикалық мәні түбегейлі не болмаса экспрессивті сипатына сәйкес құбылып, аэлогизм арқылы жұмсалады. Ясауи «Хикметтеріндегі» лексикалық және морфологиялық бірліктерді талдау ортағасырлық түркі жазба дәстүрінің тілдік ерекшеліктерін көрсетеді. «Хақ», «Алла», «Құдай», «Жаратқан» сияқты діни атаулардың стильдік-қолданымдық жіктелуі, «бей/би», «дүр», «бірлә» тәрізді көне грамматикалық элементтердің тарихи қызметі, сондай-ақ «үшбу» сияқты лексемалардың семантикалық жаңаруы – Ясауи тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын дәлелдейтін негізгі нәтижелер. Араб-парсы кірме қабатының терминологиялық өріс қалыптастырудағы рөлі де зерттеу барысында айқындалды.

Тіл – динамикалық жүйе, сөздердің қолданыс жиілігі қоғамдық қажеттілікке сай іріктеліп, стандарт пен дискурстық практика арқылы нормаланады. Жаңа сөздердің жасалуына және лексикалық қордың кеңеюіне тілдік қабаттар (төл және кірме) дерек көзі ретінде қызмет етіп, семантикалық өзгерістер мен аэлогизм арқылы тұрақты немесе экспрессивті мәндерге ие болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикматов Ахмада Ясеви) // Советское Востоковедение. V часть. – Москва-Ленинград: Издательство Академии Наук СССР, 1948. – С. 229–250.

[2] Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2014. – 664 б.

[3] Сагидолда Г., Фазылжанова А. Ясауитану және Р.Сыздықтың «Ясауи хикметтерінің тілі» зерттеуінің маңызы // Tiltanym. – 2022. – № 4 (88). – Б. 61–69. DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-4-61-69>

[4] Ölmez M. Türkçede dini tabirler üzerine // Türk Dilleri Araştırmaları. – 2005. – Sayı: 15. – S. 213–218.

[5] Сулейменова Ж.А., Алдабергенова А.А., Ыылдыз Н.А. Ясауи мен Блейк шығармаларындағы рухани тақырыптар мен поэтикалық стильді салыстырмалы талдау // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – Т. 73, №2. – Б. 123–135. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.73.2.029>

[6] Өтебеков С. «Диуани хикметтегі» діни терминдердің түркілік қабаты (Көкшетау нұсқасының негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – № 3 (121). – Б. 39–56. – DOI: <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.733>

[7] Üşenmez E. Türkçe İlk Kur'an Tercümelelerinden Özbekistan Nüshası. – İstanbul: Çalış Ofset Matbaacılık Ltd. Şti., 2013. – 576 s.

[8] Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 472 б.

[9] Алдашева Қ. Қазақ тіл біліміндегі жаңа сөздердің зерттелуі және жүйеленуі // Termincom.kz. – 2018-09-25. <https://termincom.kz/>

[10] Құрманбайұлы Ш., Әділов М.Е. Абай тіліндегі көнерген сөздердің тарихи-салыстырмалы сөздігі. – 2024. – 416 б.

[11] Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар: Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.

[12] Кәрібай Қ., Жақыпов Ж. Қазақ діни дастандарындағы дақ сөздер // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 1. – Б. 100–109. – DOI: <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp100-109>

[13] Сарекенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Астана, 2010. – 152 б.

[14] Zhakupov Z. et al. Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2023. – Т. 9. – № 3. – С. 238–246.

[15] Майдан хаты неге үш бүктелген? // Syrboyi.kz. – 23.05.2023. <https://search.app/FUwi9XP6PeTESEXU7>

REFERENCES

[1] Borovkov A.K. Ocherki po istorii uzbekskogo yazyka (opredelenie yazyka hikmatov Ahmada Yasevi) [Essays on the history of the Uzbek language (definition of the language of Hikmats by Ahmad Yassawi)] // Sovetskoe vostokovedenie. – M., 1948. – No. 5. – S. 229–250. [in Rus.]

[2] Syzdykova R. Yasauı «Hikmetterinin» tili. Kop tomdyk shygharmalar zhınaghy [The language of Yasawi's "Wisdom". A collection of multi-volume works]. – Almaty, 2014. – 664 b. [in Kaz.]

[3] Sagidolda G., Fazylzhanova A. Yasaitanu zhane R. Syzdyqtyn "Yasauı

hikmetterinin tili” zertteuinin manyzy [Yasawi studies and the significance of R. Syzdyk’s work “The Language of Yasawi Hikmets”] // Tiltanym. – 2022. – No. 4 (88). – B. 61–69. DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-4-61-69> [in Kaz.]

[4] Ölmez M. Türkçede dini tabirler üzerine [On religious expressions in Turkish] // Türk Dilleri Araştırmaları. – 2005. – Sayı: 15. – P. 213–218. [in Turk.]

[5] Suleimenova Zh. A., Aldabergenova A. A., Yildyz N. A. Yasau men Bleik shygharmalaryndagy rukhani taqyryptar men poetikalyq stiildi salystyrmaly taldau // Abilai Khan atyndagy KazKhKZhaneATU Khabarshysy. Filologiiа gylymdary seriasy. – 2024. – T. 73, №2. – B. 123–135. DOI: 10.48371/PHILS.2024.73.2.029. [in Kaz.]

[6] Otebekov S. «Diواني hikmettegi» dini terminderdin turkilik kabaty (Kokshetau nusqasynyn negizinde) [The Turkic layer of religious terms in “Diwani Hikmet” (based on the Kokshetau version)] // Yasau universitetinin habarshysy. – 2021. – No. 3 (121). – P. 39–56. – DOI: <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.733> [in Kaz.]

[7] Üşenmez E. Türkçe İlk Kur’an Tercümelerinden Özbekistan Nüshası [The Uzbekistan Manuscript of the First Turkish Translations of the Qur’an]. – İstanbul: Çalış Ofset Matbaacılık Ltd. Şti., 2013. – 576 p. [in Turk.]

[8] Balakaev M.B. Kazakh adebi tili [Kazakh literary language] // Kazahskij literaturnyj yazyk. – Almaty: Daik-Press, 2007. – 472 b. [in Kaz.]

[9] Aldasheva K. Kazakh til bilimindegi zhana sozderdin zerttelui zhane zhuyelenui [Study and systematization of new words in Kazakh linguistics]. – 2018. <https://termincom.kz/> [in Kaz.]

[10] Kurmanbaiuly Sh., Adilov M.E. Abai tilindegi konergen sozderdin tarikhy-salystyrmaly sozdigi [Historical and comparative dictionary of archaic words in the Abai language]. – 2024. – 416 b. [in Kaz.]

[11] Syzdyk R. Kazakh tilindegi eskilikter men zhanalyktar. Gylymi tanymdyk zertteu [Old and new in the Kazakh language. Scientific-cognitive research]. – Almaty: Arys, 2009. – 272 b. [in Kaz.]

[12] Karibai K., Zhakypov Zh. Kazakh dini dastandardagy daq sozder [Stigmatized words in Kazakh religious epics] // Sh. Ualikhanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. – 2024. – No. 1. – B. 100–109. DOI: <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp100-109> [in Kaz.]

[13] Sarekenova K.K. Kazirgi kazakh tilinin leksikologiyasy [Lexicology of the modern Kazakh language]. – Astana, 2010. – 152 b. [in Kaz.]

[14] Zhakupov Z. et al. Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi’s Diwani Hikmet: A Linguacultural Study // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2023. – Vol. 9. – No. 3. – P. 238–246.

[15] Majdan haty nege ush buktelgen? [Why was the Maidan letter folded in three?] // Syrboyi.kz. – 2023. <https://search.app/FUwi9XP6PeTESEXU7> [in Kaz.]

ИСТОРИЧЕСКИЕ СЛОИ КУЛЬТУРНОЙ ЛЕКСИКИ В «ХИКМЕТАХ» ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ

*Ажибекова М.Е.¹, Сагидолда Г.², Ченгел Касапоглу Х.³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева
Астана, Казахстан

³Университет Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция

Аннотация. «Хикметы» Ходжи Ахмеда Ясави являются одним из наиболее ценных образцов духовного наследия тюркских народов и рассматриваются как важный источник в изучении культурной лексики. Цель исследования-выявить влияние расширения и сужения значения слова в результате языковых процессов на словарный состав, а также научно обосновать основные источники обогащения культурной лексики. В этом контексте за основу берется расшифрованная рукописная версия Самарканда (Залемана), рассматриваются особенности языковых слоев и их влияние на культурную лексику.

Актуальность статьи заключается в том, что единицы, входящие в словарный запас языка, претерпевают семантические изменения в исторические периоды, чередуются между активным и пассивным употреблением, а также обогащаются культурной лексикой через взаимодействие арабского, персидского и тюркского слоев. Сопоставление этих процессов с фактическими языковыми данными является важной проблемой в современной лингвистике.

В исследовании используются описательные, историко-сравнительные, лингвистические и филолого-источниковедческие методы. Арабские, персидские слова в употреблении Ясави дифференцируются, анализируются их звуковые, словообразовательные и семантические особенности. Кроме того, акцентируется внимание на таких терминах, как» заимствованные слова «варварства», «аэлогизм», «неолексизм» и определяется их место в культурной лексике

Ценность статьи связана со следующими выводами: во-первых, необходимость индивидуального рассмотрения рукописей и публикаций для правильного распознавания языка произведений Ясави; во-вторых, дифференциация языковых единиц, способствующих развитию словарного состава, и уточнение их деятельности; в-третьих, развитие арабо-персидского языка в диалоге с тюркской основой и обретение нового значения через исторические семантические изменения.

Результаты исследования выявили вклад культурной лексики в языковые слои в произведениях Ясави и не только углубили теоретическую, но и повысили практическую значимость.

Ключевые слова: Ясави, Дивани хикмет, Самарканд (рукопись Залемана), культурная лексика, тюркский слой, арабский и персидский языковой слой, словарный запас, актив, пассивное использование, языковая память

HISTORICAL LAYERS OF CULTURAL VOCABULARY IN «HIKMET» BY KHOJA AHMED YASAWI

*Azhibekova M.E.¹, Sagidolda G.², Cengel Kasapoglu H.³

^{*1,2} L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³Haji Bayram University, Ankara, Turkey

Abstract. Khoja Ahmed Yasawi's "Wisdom" is one of the most valuable examples of the spiritual heritage of the Turkic peoples and is considered as an important source in the study of cultural vocabulary. The purpose of the study is to identify the influence of the expansion and narrowing of the meaning of words on the vocabulary as a result of linguistic processes, as well as to scientifically substantiate the main sources of enrichment of cultural vocabulary. In this context, the Samarkand (Zaleman) transcribed handwritten version is taken as a basis and the features of the language layers and their influence on the cultural vocabulary are considered.

The relevance of the article is that the units included in the vocabulary of the language undergo semantic changes in historical periods, alternating between active and passive use, as well as the enrichment of cultural vocabulary through the interaction of the Arabic, Persian and Turkic layers. Quoting these processes with specific language data is an important issue in modern linguistics.

In the course of the study, descriptive, historical-comparative, linguistic and philological-source-scientific methods are used. Arabic and Persian words in yassawi use are differentiated, their sound, word formation and semantic features are analyzed. In addition, attention is paid to such terms as "intrusive words", "barbarism", "aelogism", "neolexism", and their place in the cultural lexicon is determined

The value of the article is related to the following conclusions: firstly, for the correct recognition of the language of Yassawi's works, it is necessary to consider manuscripts and publications separately; secondly, to differentiate and clarify the functions of language units that contribute to the development of vocabulary; thirdly, the development of the Arab-Persian layer in dialogue with the original Turkic basis and acquire a new meaning through historical semantic changes.

The results of the study reveal the contribution of cultural vocabulary in Yassawi's works in the language layers, deepen not only theoretically, but also increase its practical significance.

Keywords: Yasawi, Diwani Hikmet, Samarkand (Zaleman manuscript), cultural vocabulary, Turkic layer, language layer, Arabic and Persian language layer, vocabulary, word composition, language memory

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 30.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Ажибекова Маржан Ермектаевна – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-9695-0569>, e-mail: marzhanermektai@mail.ru

Сагидолда Гульгайша – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4811-9743>, e-mail: asem963@mail.ru

Ченгел Хулия Касапоглу – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қажы Байрам Уәли университеті, Анкара, Түркия, <https://orcid.org/0000-0002-0574-8750>, e-mail: hcengel2001@yahoo.com

Информация об авторах:

Ажибекова Маржан Ермектаевна – докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0000-9695-0569>, e-mail: marzhanermektai@mail.ru

Сагидолда Гульгайша – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-4811-9743>, e-mail: asem963@mail.ru

Ченгел Хулия Касапоглу – доктор филологических наук, профессор, Университет Хаджи Байрам Вали, Анкара, Турция, <https://orcid.org/0000-0002-0574-8750>, e-mail: hcengel2001@yahoo.com

Information about the authors:

Azhibekova Marzhan Ermektaevna – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-9695-0569>, e-mail: marzhanermektai@mail.ru

Sagidolda Gulgaisha – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4811-9743>, e-mail: asem963@mail.ru

Cengel Hulia Kasapoglu – Doctor of Philology, Professor, Haji Bayram University, Ankara, Turkey, <https://orcid.org/0000-0002-0574-8750>, e-mail: hcengel2001@yahoo.com